



СУДАН ШЫҚҚАН ШУ

5-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ІРІ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ІРГЕНДІ ҚЫМТА!

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖАЛПЫ, КЕЗ КЕЛГЕН ЖҰМЫС МҰҚИЯТ ЖОСПАРЛАНУЫ КЕРЕК. СОНДА МЕМЛЕКЕТ-ТІК САЯСАТ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СИПАТҚА ИЕ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. СОНЫМЕН БІРГЕ ЕЛІМІЗ КЕЗ КЕЛГЕН СЫН-ҚАТЕРГЕ ТӨТЕП БЕРЕ АЛАДЫ.

№41
(4474)
Сенбі
8 сәуір
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Василий КРАСЬ

3

АСТАНАДА – ШАХМАТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

2023 жылдың 7 сәуірі мен 1 мамыры аралығында Астанада шахматтан әлем чемпионаты өтеді.

Байрақты бәсекеге әлемнің екі мықты гроссмейстері Ян Непомнящий (Ресей) мен Дин Лижэнь (Қытай) қатысып, интеллектуалды ойынның көркін қыздырады. Чемпионат аясында бірқатар семинар мен ойын сеансы өткізіледі.

FIDE ұйымдастыратын чемпионаттың жүлде қоры – 2 миллион еуро. Жұлде қорының 60 пайызы жеңімпазға, 40 пайызы екінші орын иегеріне беріледі.



ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛҒЫСЫ ОРНАТЫЛДЫ

Республикалық маңызы бар Астана-Екатеринбург бағытындағы тасжолға арнайы қауіпсіздік құрылғысы орнатылды.

Барабан тәрізді тосқауыл қоршаудың ұзындығы 60 метрді құрайды. Алғашқы арнайы құрылғы көлік ағыны көп елді мекен тұсына орнатылған. Айналым тосқауыл көлік апатының алдын алуға септігін тигізеді. Яғни көлік абайсызда жол жиегіне соғылса, қарсы бетке шықпай тұрып қалады. Қазір «ҚазАвтоЖол» компаниясы елордадағы Н.Тілендиев даңғылы бойындағы көлік айырығында бірінші қондырғыны орнатып жатыр.

ЕЛДІ ҚОРҒАУ – НАҒЫЗ ЕРЛЕР ІСІ

Отанды қорғау – ел алдындағы ең қасиетті парыз. Қарулы күштер қатарында әскери міндетін орындау – әрбір жастың азаматтық борышы. Кеше елордадан Қазақстан Қарулы күштерінде қызмет атқаруға жас сарбаздар аттанды. «Елді қорғау – нағыз ерлер ісі» деп аталған әскери-патриоттық акцияға 1500-ге жуық жасөспірім мен жастар қатысты.



«Қазгидромет» 8-10 сәуір күндері Астана қаласында ауа райы күрт суытады деп хабарлайды.

Елордада 8 сәуірде түннің бірінші жартысында аздаған қар жауып, көктайғақ болады. Солтүстік-шығыстан 9-14 м/с жел соғады. Ауа температурасы түнде 8-10 градус аяз болады деп күтілуде. Күндіз 1-3 градусқа дейін жылынады.

Жексенбі, 9 сәуірде көшпелі бұлт тұрып, ауа температурасы түнде 5-7 градус аязды көрсетсе, күндіз 8-10 градусқа дейін жылы болады.

Ал дүйсенбіде, 10 сәуірде көшпелі бұлт шығады, түнде 3-5 градус аязға дейін төмендейді, күндіз 11-13 градусқа жылынады.

«ЖАСЫЛ АСТАНА» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

8 СӘУІР–6 МАМЫР

Елордада акция аясында 10 000-нан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда



АЗИЯ БАЛУАНДАРЫ БЕЛДЕСЕДІ

Елордадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында 9-14 сәуір күндері күрес түрлері бойынша Азия чемпионаты өтеді.

Алдымен сәуірдің 9-10-ында грек-рим балуандары кілемге шығып, өзара мықтыны анықтайды. Сосын сәуірдің 11-12-сінде әйелдер күресі өтеді, ал 13-14 сәуірде еркін күрес шеберлері бақ сынайды.



СЕНІМДІ САЯСИ ДИАЛОГ ОРНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президентінің Арнаулы өкілі Изабель Дюмонды қабылдады. Арнаулы өкіл Франция Президенті Эмманюэль Макронның хатын табыс етті. Қасым-Жомарт Тоқаев Изабель Дюмонға ілтипат бiлдiре отырып, жолдаған игі сәлемі үшін Президент Эмманюэль Макронға алғыс айтты. Сондай-ақ Франция Қазақстанның Еуропадағы басты саяси және экономикалық серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

Кездесу барысында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға бағытталған екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту перспективалары талқыланды.

«Өткен жылы 29 қарашада Франция Президентімен өткен кездесуден үлкен әсер алдым. Біз 2 сағаттан астам уақыт бетпе-бет форматта екіжақты қатынастар мен елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жөнінде әңгімелестік. Сондай-ақ халықаралық аренада қалыптасқан ахуал туралы пікір алмастық. Франция – Қазақстанның жетекші саяси және экономикалық серіктестерінің бірі. Біз екі ел арасындағы ынтымақтастықты, сiздiң елiңiздiң халықаралық аренадағы рөлiн және Францианың экономикалық әлеуетiн жоғары бағалаймыз. Сiздiң елiңiз 2008 жылғы маусымда Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердiң арасында бiрiншi болып Қазақстанмен стратегиялық серiктестiк туралы шартқа қол қойды. Биыл бiз осы маңызды құжаттың он бес жылдығын атап өтеміз.

Елдерiмiз арасында барлық деңгейде белсендi және сенiмдi саяси диалог орнанып тағы да атап өткiм келедi» дедi Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына жоғары баға берді. Оның айтуынша, Қазақстан – Францияның Орталық Азиядағы басты сауда серіктесі. Мемлекет басшысы Президент Эмманюэль Макронға жүрекжарды сәлемін жолдады және оны Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

«Бұл сапар экономикалық және саяси ынтымақтастықтың серпін береді деп ойлаймын. Екі ел арасында іске асыруды қажет ететін көптеген уағдаластық бар. Қазақстанда француз капиталының үлесі бар 170 кәсіпорын жұмыс істейді және жетекші француз компаниялары қызмет етеді. Біздің экономикамыздағы француз компанияларының қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі» деді Президент.

Өз кезегінде Изабель Дюмон

Францияның Қазақстанмен қарым-қатынасты дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, Франция Қазақстан Президентінің жүргізіп жатқан реформалар саясатын толық қолдайды. Франция Президентінің Арнаулы өкілі Қазақстанның әлемдегі қазіргі күрделі геосаяси жағдайға қатысты ұстанымына жоғары баға берді.

«Сізге Президентімнің сәлемін жеткізім келеді. Былтыр қараша айының соңында Париждегі кездесуіңіз туралы оның өте жақсы пікірде екенін білемін. Бұл – біз үшін өте маңызды сәт және Сізден аймақта не болып жатқаны туралы көзқарасыңызды есту маңызды. Сіздің сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін берді. Біз бұл ынтымақтастықты стратегиялық серіктестігіміз негізінде жалғастырығымыз келеді. Бұл біз үшін де өте маңызды» деді Изабель Дюмон.

Сондай-ақ тараптар халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

МҰСЫЛМАНДАРҒА ІЗГІ ТІЛЕГІН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлын қабылдады. Кездесу барысында Президент қасиетті Рамазан айына орай еліміздің барша мұсылмандарына ізгі тілегін жолдады.

Мемлекет басшысына Рамазан айында еліміздің әрбір аймағында ұйымдастырылып жатқан қайырымдылық шаралары жөнінде мәлімет берілді. Сонымен қатар Наурызбай қажы Тағанұлы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қоғамда дәстүрлі ислам дінін кеңінен дәріптеу және

ел игілігі мен бірлігі жолында атқарып жатқан жұмыстары жөнінде баяндады.

Бас мұфтидің айтуынша, діни басқарма осы жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады. Оның аясында жыл бойы бірқатар маңызды іс-шара ұйымдастырылады. Сондай-ақ ұлттық салт-сананы

жаңғырту, дәстүрлі исламға басымдық беру үшін алдағы уақытта бірқатар жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Мемлекет басшысы мұфтияттың бастамаларына қолдау білдіріп, халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу маңызды екенін айтты.

ЕЛОРДА БАСШЫСЫНА БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы ақпарат берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қала тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің нысандары (3-ССС, газ жылу станциялары, 3-ЖЭО және т. б.) және мектеп, медициналық орталық, жеңілдетілген қолжетімді тұрғын үй секілді әлеуметтік нысандар құрылысының барысы, сондай-ақ апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді сүру, тұрғын үй алаптарын дамыту, үлестік құрылыс нысандарын аяқтау, қалаға газ тарту және абағандыру жұмыстары жөнінде баяндалды.

Астана әкімі биыл 6,5 мың әлеуметтік пәтер салу жоспарланып отырғанын, сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2 ауысыммен оқитын 90 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы 24 мектептің әлеуметтік нысандар жасалып жатқанын баяндап берді.

Астанада ШОБ-қа жағдай жасау, қолдау көрсету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда Мемлекет басшысына инвестиция тартуға қатысты іс-шаралар туралы

мәлімет берілді. Елордаға тартылған инвестиция көлемі бірінші тоқсанда шамамен 200 миллиард теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20 пайызға көп.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы одан әрі дамыту, сумен және жылумен қамтамасыз ету нысандарының құрылысын тез арада аяқтау, сондай-ақ елорда тұрғындарының өзекті мәселелерін шешу жөнінде бірқатар тапсырма берді.



ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Кеше Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылымының төрағасы Ерлан Каналимов азаматтар үшін алғашқы жеке қабылдау өткізді. Қала тұрғындары тек шешімін таппаған мәселелерімен ғана емес, сонымен қатар, ұсыныстарымен, сондай-ақ спорт іс-шарасын өткізу ұсынысы бойынша жүгінді.

«Салтанат Мырзабекқызы үлкен қызын медициналық тексеруден өткізуге көмек сұрады. Жақын арада оған қажетті көмек көрсетіледі. Ольга Владимировна аутизм және Даун синдромы бар балалармен айналысады,

инклюзивті черлидинг бойынша турнирлер өткізеді. Ольга ханым, өз тарапынан, тренингтер мен халықаралық турнирге қатысуға шақырды. Демеушілер арқылы жарысқа қатысушылардың атаулы наградаларын

дайындау үшін қолдан келгенше көмек көрсетеміз. Маманның айтуынша, кубоктар, медальдар мен грамоталар балалар үшін керемет естелік болады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 12 сәуірде сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №274/36-VII «Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. «Астана қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жеке-жеке санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №221/25-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға

байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлік иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

4. «Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 19 қаңтардағы №316/39-VII шешіміне толықтыру енгізу туралы.

5. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы.

6. Депутаттық этика мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы.

7. Астана қаласының сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау жөніндегі Астана қаласы мәслихатының уақытша

комиссиясын құру туралы.

8. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы төрағасының жұмысына бағалау жүргізу бойынша өкілеттіктерді жүктеу туралы.

9. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының біліктілік талаптарын бекіту туралы.

10. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №248/32-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-36.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

АҚШ-тың 35-президенті Джон Кеннедидің жәні, заңгер және саясаткер кіші Роберт Кеннеди 2024 жылы өтетін президент сайлауына қатысуға өтінім берді.

69 жастағы саясаткер вакцинацияға қарсы позиция танытуда. Ол, сонымен қатар, экологияны қорғау белсендісі. Кіші Кеннеди – 2024 жылы демократиялық партия атынан президент сайлауына түсу ниетін растаған екінші кандидат.



Қырғызстанда жыл басынан бері қызамық пен қызылшаға шалдыққандар саны артып келеді.

Оның негізгі себебі – халықтың жоспарлы вакцинадан бас тартып, профилактикалық екенің төмендеуі. Республикалық иммунопрофилактика орталығының мәліметінше, 2023 жылдың қаңтарынан бері елде 41 адам қызылшаға және 6 адам қызамыққа шалдыққан. Осыған орай, Қырғызстанда аурудың алдын алу жайында түсіндіру жұмысы жүргізіліп, эпидемияға қарсы шаралар жалғасуда.



Қандасмыз Решиде Юксел 14 мамырда Түркияда өтетін Парламент сайлауына кандидат ретінде тіркелді.

Бұған дейін Ыстанбұлдағы Зейтин-бурну аудандық мәслихатында депутат, биліктегі «AK Parti» партиясының әйелдер ісі жөніндегі комитетінің мүшесі болған қазақ қызы, жергілікті сайлау заңнамасына сәйкес, елдің ұлттық мәжілісіне депутат болу үшін үш кезеңнен тұратын іріктеуден өткен. Егер ол сайланса, 70 жылдан бері Түркия Парламентіне өткен тұңғыш қазақ болмақ.

ЕЛДІ ҚОРҒАУ – НАҒЫЗ ЕРЛЕР ІСІ



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Астана» концерт залында өткен әскери-патриоттық іс-шараға мектеп оқушылары, студенттер, «Жас сарбаз» жасөспірімдер мен балалар әскери-патриоттық клубтарының тәрбиеленушілері қатысты. Сонымен қатар әскерге аттанып бара жатқан жас сарбаздардың ата-аналары болды.

Іс-шара алдында Қорғаныс министрінің орынбасары Сұлтан Камалитдинов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Бәйкен, Қарулы күштердің ардагері, генерал-майор Марат Науғманов сөз сөйлеп, жасөспірімдер мен әскерге аттанып бара жатқан жастарға сәт сапар тіледі.

«Отан алдындағы азаматтық борышты өтеу – бұл өте үлкен мәртебе. Бүгінгі таңда елордада жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбие жүргізу бойынша жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Қорғаныс істері департаментімен бірлесіп әскерге шақыру науқаны және басқа да салалық бағыттағы іс-шаралар жүргізіледі. Биыл елордадан Қарулы күштер қатарына 100-ден аса жас жауынгер аттанды.

раларға жиі қатысады. Мектептерде, колледждерде оқушылармен кездесу өткізіп, басқа да патриоттық іс-шаралар ұйымдастырып, жасөспірімдерге ақыл-кеңесімізді айтып, Отанды қорғаудың ең қастерлі парыз екенін ұғындырамыз. Отанды қорғау нағыз ерлердің ісі екенін әрбір қазақстандық жас білуі керек. Бүгін Қазақстан Қарулы күштеріне аттанып бара жатқан жастарға оң сапар тілейміз» деді акцияға қатысқан Астана қаласы «Ауғанстан соғысы мұғдектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мейрамбек Түлекпаев.

Әскери-патриоттық акцияның мән-мазмұны туралы ҚР Қарулы күштері Бас штабы ұйымдастыру және жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы Бауыржан Артықов айтып берді.

– Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты Қазақстан Қарулы күштерінің маңызына мән беру болып отыр. Әрбір қазақстандық Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үлкен мәртебе екенін білсе екен дейміз. Биылғы әскерге шақыру науқаны 1 наурыздан басталды. Астанадан бірінші топта шекара қызметіне жастар жіберілген еді. Енді бүгін шығарып салып жатқан жігіттер әуе-дасантшылар әскеріне қосылады. Астана қаласының әкімдігімен, жергілікті Қорғаныс істері департаментімен бірлесіп осындай іс-шара өткізуді ұйғардық. Осындай мағыналы да маңызды акцияны ұйымдастыруға қолдау білдірген елорда әкімдігіне алғыс білдіреміз. Біле білсек, Отанды қорғау – нағыз ерлердің ісі, сондықтан оларды әскерге салтанатпен шығарып салғанымыз өте орынды деп ойлаймын, – деді полковник Б.Артықов.

– Астана халықаралық университетінің 2-курсанда оқимын. Мен әскерге өз тілеуіммен бара жатырмын. Болашақта офицер болуды мақсат етіп отырмын. Азаматтық борышымды өтегеннен кейін әскери жоғары оқу орнына түскім келеді. Қазір мемлекет әскери оқуға жеңілдік беріп отыр, – дейді әскер қатарына алынған Тамирлан Қамзин.

Әскери-патриоттық акция аясында Қарулы күштердің әскери техника көрсетілімі және патриоттық әндер концерті ұйымдастырылды.

Жақында әскери жиын өткізетін жан-жақты жабдықталған жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Сонымен қатар ұрыс-қимылға қатысқан ардагерлер ұйымдары, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары қоғамдық негізде іс-шаралар ұйымдастырады. Қала мектептерінде алғашқы әскери дайындық курсы оқытылады. Бүгінгідей іс-шараны дәстүрге айналдырамыз. Өйткені Отанды қорғау қасиетті борыш екенін әрбір жасөспірім біліп өсуі керек» деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Бәйкен.

Кең сарайдың сахна төрінде серт беру рәсімі өтті. Қазақстан Қарулы күштері қатарында қызмет атқарып жүрген бір топ жауынгер әскерге баратын жастарға еліміздің тыныштығын, Отанымыздың тәуелсіздігін кірпік қақпай қорғауды аманат етсе, әскер қатарына енді қосылатын жастар Отан қорғауға әзір екеніне әрі адал қызмет етуге серт берді.

«Әскер қатарында болғанда соғыс жағдайын басымыздан өткерген жауынгерлер ретінде жастардың әскерге аттану салтанатына қуана келдік. Өйткені еліміздің қорғаны болу – бүгінгі жастардың қолында. Біздің ұйым қалада өтіп тұратын әскери-патриоттық іс-ша-

Қалалық Полиция департаментінің басшысы Марат Төлебаев бірінші тоқсан қорытындысы бойынша жедел қызметте жоғары көрсеткішке қол жеткізген қызметкерлерге арнайы төсбелгі, грамота және алғыс хат тапсырды.

ЕЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Бүгінгі таңда тергеушілер, қиын да көп уақытты қажет ететін жұмысқа қарамастан, өз міндетін орындау жолында аянбай еңбек етіп келеді. Ел игілігі үшін қызмет етуге дайын нағыз патриоттарды тәрбиелеуде ата-аналардың қосқан үлесі зор. Тергеу бөлімінің ардагерлеріне ерекше алғыс айтылды.

– Мен ең алдымен осы саланың лайықты іргетасын қалаған және қызмет ету дәстүрін қалыптастыруға үлес қосқан ардагерлерге, сондай-ақ жас қызметкерлердің ата-аналарына

үлкен алғысымды білдіргім келеді. Аға ұрпақ өзінің баға жетпес тәжірибесін жас әріптестеріне дарытып, қылмыстың алдын алу және ашу жұмысын сапалы және мақсатты түрде жүргізуге қабілетті лайықты ізбасар тәрбиелеп отыр, – деді департамент басшысы.

Қызметтік міндеттерін адал атқарған үздік қызметкерлер мен ең көп қылмыстық істерді аяқтаған тергеушілер Ішкі істер министрінің және департамент бастығының атынан төсбелгімен, грамотамен және алғыс хатпен марапатталды.

БАЛА ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ

Кеше Астанада «Біздің таланттар» республикалық байқауының І қалалық іріктеу кезеңі өтті. Ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуметтенуі мен шығармашылық талантын ашуға бағытталған байқауға 80-ге жуық бала қатысты.

Байқау алты аталым бойынша ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Алтын дауыс» – балалар әндері (жеке айту, дуэт, трио және т. б.); «Үздік декларатор» (өлеңдер, ертегілер, мысалдар); «Кішкентай биші» (жеке би, жұптық би, флешмоб); «Жаңа бастаған әртіс» (театрландырылған қойылым); «Оркестр» (балалардың аспаптарда ойнауы, жеке орындау) және «Бармағынан бал тамған» (сурет салу, мүсіндеу, аппликация және т. б.).

«Өнер байқауы осымен екінші рет өткізілді. Оған 3 пен 10 жас аралығындағы балалар қатысты. Олар сахнада ән айтып, би билеп, өз өнерін көрсетті. Бастысы, әр бала назардан тыс қалмады, байқау соңында өнерпаздарға грамоталар мен сыйлықтар табыс еттік» деді Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің бас маманы Гүлшат Исинова.

Жалпы қазіргі уақытта Астанада ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік бейімдеу, интеграциялау және әлеуметтендіру мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Табысты әлеуметтену шартының бірі – баланың шығармашылықтың сүйікті түрімен айналысып, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың табиғи тәжірибесін және жағымды әсерін алуы. Сондықтан қазіргі заманғы арнайы білім беру жүйесінің басым бағыты – жас ұрпақтың бойында шығармашылық тұлғаны дамыту. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мектеп жасына дейінгі балалық шақ – шығармашылық қабілеттің дамуына қолайлы кезең. Бұл жаста балалар өте ізденімпаз, олардың айналадағы әлемді білуге деген құлшынысы зор болады.

Сабина КӘКІМЖАН



ҚОСЫМША КӨМЕК БӨЛІМШЕЛЕРІ АШЫЛАДЫ

Елорда емханаларында қосымша жедел медициналық көмек бөлімшелері ашылады. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов мәлімдеді.

Медициналық көмек көрсетуді жақсарту мәселелері талқыланған кеңес отырысында басқарма басшысы қаладағы №4, №5 және №10 емханаларда жыл басынан бері жедел медициналық көмек бөлімшелері қанатқақты режимде іске қосылғанын, негізгі мақсат стационардағы

дәрігерлер жүктемесін азайту және шұғыл алғашқы көмек қолжетімділігін арттыру екенін атап өтті. Мұндай бөлімшелердің көмегімен учаскелік дәрігерді үйге шақыру саны азайып, емханада пациенттерді қабылдау уақыты артып келеді.

Енді бұған дейін шамадан тыс жүк-

теме салдарынан учаскелік дәрігердің қабылдауына жазылу мүмкін болмаса, қазір пациенттер сол күні шұғыл түрде жедел жәрдем дәрігеріне қарала алады.

Мұндай бөлімшелерді алдағы уақытта тағы бірнеше емханада ашу жоспарланып отыр.

Қытай ағаш отырғызу бойынша әлемде көш бастап келеді.

Жылдар бойы жүйелі жүргізілген жоспардың нәтижесінде шөл болған аймақтар ну орманға айналды. Соңғы елу жылда елдегі ормандардың үлесі 5 пайыздан 13,5 пайызға дейін өсті. Бұл – Батыс Еуропамен шамалас аудан. Тошуйцюань аймағының тұрғыны Ван Минхуаның айтуынша, кезінде бүкіл ауылды құм басатын. Жел соққанда, күндіз де шам жағып, жұрт сыртқа шығатын. Осының кесірінен күндіз қойлар жоғалып, түнде үйлерді құм басатын.



Париждегі әйгілі Эйфель мұнарасының жанында оның көшірмесі пайда болды.

Өлшемі түпнұсқадан 10 есе кіші етіп жасалған жобаны іске асыру үшін бір жыл уақыт кеткен. Бірақ ол бір түннің ішінде орнатылған. Ең қызығы, қай жерден қараса да, екі мұнаның өлшемі бірдей болып көрінеді. Әлемде Эйфель мұнарасының 50-ден аса көшірмесі бар. Париждегі жаңа туынды 2 аптадан кейін өзге елдерде өтетін көрмелерге жіберіледі.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында шағын және орта бизнесті несиелендіруге қатысты бірқатар тапсырма берген болатын. Бұл жұмыстың Астанада қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов пен «Аграрлық несиелендіру компаниясы» АҚ елордадағы филиалы директорының несиелеу жөніндегі орынбасары Олжас Баймаханов түсіндіріп берді.

ЖАС КӘСІПКЕРГЕ – ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ

жеңілдетілген несиелендіру ала алады. Ол 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерге беріледі.

Шағын несиелендіру компаниясы арқылы жүзеге асырылады. Бұл шағын несиелендіру 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Шағын несиелендіру 21 мен 35 жас аралығындағы кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерге конкурс негізінде беріледі. Жеңілдетілген несиелендіру шарттары: номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 пайыз; несиелендіру мерзімі – 5 млн теңге (кепілдікпен). Мерзімі – 5 жыл. Мал шаруашылығына – 7 жыл, – деді Ерлан Жүсіпов.

Өтініш берген кезде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауы керек. Сонымен қатар, микрокредит беру мерзімінің үштен бір бөлігі үшін негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу бойынша жеңілдік кезеңі қарастырылған. Міндетті шарт – кепілзаттың болуы. Кепіл ретінде жылжымалы да, жылжымайтын мүлік те қабылданады. Олар болмаған жағдайда, кепіл берушіні тарту көзделеді. Кепіл беруші жастардың ата-анасы, туыстары және басқа да сенімді адамдар болуы мүмкін.

Жастарға шағын несиелендіру туралы шешімді бизнес жобаларды іріктеу жөніндегі конкурс

комиссиясы қабылдайды. Оның құрамына жергілікті атқарушы органдардың, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің, түрлі бизнес саласының, сондай-ақ оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Өтінімдерді қабылдау осы жылдың 6 наурызында Аграрлық-несиелік компаниясының Астана қаласы бойынша филиалында мына мекенжай бойынша қабылданады: Туран даңғылы, 19/1, «Әдем» бизнес орталығы. Анықтама үшін телефон: 8-701-006-16-38.

Баспасөз мәслихаты барысында «Аграрлық несиелендіру компаниясы» АҚ елордадағы филиалы директорының несиелендіру жөніндегі орынбасары микрокредит алу үшін өтініш беруші бірнеше құжат тапсыруы керек екенін атап өтті.

Өтініш беруші алдымен жеке басын растайтын куәлігі мен бизнес жоспарын тапсыруы керек. Содан соң оның жеке шоты бар екенін растайтын банк анықтамасы болуы керек. Егер өтініш беруші азаматтың атында несиелендіру болған жағдайда, несиелендіру өткізіліп, оның ішінде мерзімі өткен бәрешегінің бар немесе жоқ екенін туралы анықтама талап етіледі. Өтініш беруші жұмыс істейтін азамат болса, онда жалақысы мен басқа да

табысын растайтын құжатты көрсетуі керек. Сондай-ақ, кепілге берілген мүлікті бағалау туралы есеп және басқа да құжаттар болуы қажет, – деді Олжас Баймаханов.

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысы орынбасарының айтуынша, биыл бұл мақсатта 562 микрокредит қызметін алушыға рәсімдік бюджетінен 2,8 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ, кепілге қойылған мүліктің Астана қаласының аумағында болуы міндетті емес және оны Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тіркеуге болады.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында кәсіпкерлік дамуының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында жас қазақстандықтарға жеңілдетілген шағын несиелендіру жаңа тетігі енгізілген болатын.

Қаржы ресурстары өз кәсібін ашықысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын, оның ішінде тауар өндіру немесе сату, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, өндірісті жүзеге асыруға ниет білдірген 21 жаспан 35 жасқа дейінгі азаматтарға конкурс негізінде ұсынылады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУГЕ БОЛАДЫ?

Егер түбіртекте электр энергиясының ағымдағы көрсеткіштері дұрыс болмаса, тұрғындар тұтынылған электр энергиясының көлемі бойынша анықтама алу үшін «Астана-АЭК» АҚ-қа жүгіне алады.

Меншік иелері бірлестігінің төрағасымен келісе отырып, үйдің барлық тұрғындарынан ұжымдық өтінім беруге болады. Бұл анықтама қайта есептеу үшін жіберіледі және келесі айдағы түбіртектерде қайта есептеледі.

Өтінімдерді электрондық пошта арқылы жіберуге де болады. Ол үшін тұрғылықты мекенжайды, абоненттің нөмірін, байланыс телефон нөмірін, түбіртекті және ағымдағы көрсеткіштері бар электр энергиясын есепке алу құралының фотосуретін көрсету қажет.

Өтінімдерді жіберуге арналған мекенжайлар:

– info@aesbyt.kz «Астана-энергосбыт» ЖШС;

– esep@astrec.kz «Астана-АЭК» АҚ;

«Астана-энергосбыт» ЖШС-тің байланыс мәліметтері:

– сайтты: astanaenergobyt.kz

– мекенжайы: Б.Момышұлы даңғылы, 4/1 үй.

– байланыс телефондары: 91-83-33, 91-88-88, 91-86-59, 91-86-61, 91-86-57, 91-86-64.

Жеке сектордың және заңды тұлғалардың электр энергия-

сын есепке алу аспаптарын бақылау (көрсеткіштерді алу, пломбалау/пломбасын алып тастау) үшін байланыс телефондары: 62-04-54, 62-04-56 (дауыс мәзірі бойынша 2-позиция).

Электр энергиясын есептеу бойынша «Астана-АЭК» АҚ-тың ЖҮК және жеке тұлғалардың кеңес алуы үшін байланыс телефондары:

– Байқоңыр, Сарыарқа, Алматы аудандары бойынша тел.: 57-66-09, 57-66-07, 47-21-40, Абай даңғылы, 80;

– Есіл ауданы бойынша тел.: 64-34-39, Сауран көшесі, 76.

Көппәтерлі үйлердің электр энергиясын есепке алу аспаптарын бақылау (көрсеткіштерді алу, пломбалау/пломбасын алып тастау) үшін байланыс телефондары:

– Есіл ауданы тел.: 47-21-42, 47-21-45, Сауран көшесі, 76;

– Сарыарқа ауданы тел.: 47-21-41, Сауран көшесі, 76;

– Алматы ауданы тел.: 47-21-43, Қабанбай батыр даңғылы, 4/2;

– Байқоңыр ауданы тел.: 47-21-44, Абай даңғылы, 80.

КЕМІРГІШТЕРМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы көктемгі дератизация жұмысын өткізуді бастады. Кеміргіштерді жою жөніндегі іс-шаралар жеке секторды және ашық аумақтарды, атап айтсақ, саябақтар, зираттар, өзен жағасы, су қоймалары мен каналдарды қамтиды.

Тұрғындар арнайы улы препараттарды тегін алады, сондай-ақ сол жерде оларға қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар беріледі. Мамандар тұрғын үйлерді 3 тур бойынша үш рет өңдейді. Оның барысында 28 мыңнан астам тұрғын үйді өңдеу жоспарланып отыр.

Үй иелері сақтық шаралары туралы ұмытпауы керек және улы препараттарды балалардың қолы жетпейтін жерлерде, мәселен, жетпелерге немесе үйдің төбесіне орналастыру керек.

Сондай-ақ дератизация ашық алаңдарда жүргізіледі. Улы препараттарды орнату өзендердің, каналдардың, су айдындарының маңында, зираттарда, саябақтарда жүргізіледі. Өңделетін ашық аумақтардың ауданы 3264 гектарды құрайды.

Мамандардың мәлімдеуінше, дератизация шаралары кеміргіштер санын азайту және аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу үшін жүргізіледі.

ӨЗ АУЛАНДЫ ӨЗІҢ ӨЗГЕРТ!



Алматы ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында дауыс беруге рұқсат беру үшін жобалық ұсыныстарды іріктеу кезеңі аяқталды.

Аудан тұрғындарынан бұл жобаға биыл 74 өтінім келіп түсті, сараптамалық кеңес дауыс беру кезеңіне 72 жобаны дауыс беру кезеңіне жіберу

туралы қаулы етті. Жалпы, «Халық қатысатын бюджет» жобасы Астанада 2019 жылдан бері іске асырылып келеді. Табысты бастама аясында өт-

кен жыл ішінде қаланың төрт ауданында жүзден астам аула абаттандырылды.

Жоба аясында тұрғындар қаланы абаттандыруда жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатыса алады. Осы орайда аумақты көгалдандыру, тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу, ортақ пайдалану орындарын құру, жөндеу және жарықтандыру, бордюрлерді, қоқыс тастайтын жерлерді жою, ортақ пайдалану орындарында күркелер, орындықтар, урналар және балалардың ойнауы, ересек тұрғындардың демалуы үшін жабдықтар мен конструкциялар орнату, балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру ерекше ескерілген.

Республикалық «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы алғаш рет Сарыарқа ауданында басталған болатын. Осыған орай, 2021 жылы 45 жоба, 2022 жылы 71 жоба бойынша тұрғындардан өтініш келіп түскен. Жалпы, Сарыарқа ауданының аумағында соңғы үш жылда

125 аула, 32 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Былтыр 23 аула «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылды. Бұдан бөлек, аудан аумағында 22 аула көріктендірілді және 8 қоғамдық кеңістік қайта жандандырылды.

Сондай-ақ, бұл бағдарлама тренажер, футбол, баскетбол, волейбол алаңдарында, аула аумақтарында және жалпы пайдалану орындарында тазалықты қамтамасыз етуді қажет етеді. Жоба мақұлданғаннан кейін аулаларды күрделі жөндеу жұмыстары басталып, гүлзарлар, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер салу, аумақтарды көгалдандыру және т. б. игілікті іс-шаралар жүзеге асырылатын болады. Олардың барлығы тұрғындардың өтініштері негізінде жүргізіледі.

«Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысу үшін тұрғындар электронды-цифрлық қолтаңбаны пайдалана алады. Дауыс беру 6-24 сәуір аралығында Алматы ауданы әкімі аппаратының ресми сайтында өтеді.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының ПД әкімшілік полиция басқармасымен келісе отырып, Перне көшесінен Күршім көшесіне дейінгі учаскеде – Мөңкеұлы көшесінде жол төсемін орташа жөндеу жұмысы басталғанын мәлімдеді.

Осыған орай 7 сәуірден бастап жоғарыда аталған учаске бойынша көлік қозғалысы жабылады. Жөндеу жұмысы 12 сәуірге дейін жалғасады.

Бұған дейін елорданың Ардагерлер көшесіндегі учаскеде жол төсемін орташа жөндеу жұмысы басталған болатын. Жұмыс Алмалық көшесінен Ардагерлер көшесіне дейінгі учаскедегі Ардагерлер көшесі бойынша қала ПД

әкімшілік полиция басқармасының келісімімен жол жүру учаске бойынша көлік қозғалысы жабылады. Жөндеу жұмысы 12 сәуірге дейін жалғасады.

Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

№41 (4474) 08/04/2023 Сенбі

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

СОЛТҮСТІК ӨНІРЛЕРГЕ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР НЕГЕ АЗ?

2022 жылы 1 қаңтарында елдегі қазақтың үлесі 70 пайызға жетсе, Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 37 пайызды құрады. 1897 жылғы бүкілресейлік халық санақ бойынша ондағы жергілікті ұлттың үлесі салмағы 80 пайыз болды.

XX ғасырдағы ашаршылықтан жергілікті халықтың үлесі салмағы азайып, есесіне Ресейдің ішкі аймағынан өзге ұлттар көптеп қоныстануымен отарлау идеологиясы қарқынды жүрді. Тек 1931 жылдың қыркүйек айында 172 мың орыс, украин, беларусь Солтүстік Қазақстанға қоныс тепті. 1937 жылдың қаңтарында Қиыр Шығыстан 2229 кәріс көшіп келді. 1940 жылы Украина мен Беларусьтің батыс облыстарынан 28 мың адам тағы келді. Бұған 1954 жылдары басталған тың игеруді қосыңыз. Сөйтіп, 1989 жылғы санақта өңірдегі қазақтың үлесі салмағы 22 пайызға дейін кемісе, орыс, украин және беларусь ұлты 61 пайызға жетті.

1991 жылдан бері ішкі миграция ағымы өзгеріп, сырттағы қандастар атажұртқа көш түзеді десек, дәл осы Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударғандар қатары аз екенін көреміз. Бұған Үкіметпен қатар әр жылдары шекаралық облысты басқарған әкімдер жауапты екені анық.

Статистикаға сүйенсек, атажұртқа оралған 300 мыңнан аса отбасының 61 пайызы Өзбекстаннан келді. Бұл көштің 15 пайызы Қытайға тиесілі болса, 10 пайызы Моңғолияға тиеді. Енді қандастар облыстарға қалай қоныстанды дегенге келетін болсақ, өзбек ағайынның ортасынан келген қандастардың 26 пайызы Түркістан облысына орналса, 14 пайызы Маңғыстау облысына, 11 пайызы Алматы облысына қоныстанғаны – 3,2 пайыз ғана. Ал Қытайдан келгендердің 38 пайызы Алматы облысын таңдаса, 34 пайызы Шығыс Қазақстан облысын жайлы санады. Бұл елден келгендер де солтүстікке қоныстануды жүрексінген сынды. Неге десеңіз, Қостанай облысына бар-жоғы 0,002 пайызы тұрақтаса, Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 0,05 пайызды құрады (2019 жылғы статистика).

Енді тағы бір деректі қараңыз, 2000 жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысына Ресей, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Армения, Өзбайжан, Украина, Беларусь, Молдава, Грузия, Түркия және тағы басқасынан адамдар көшіп келсе, соның басым бөлігі ресейліктер (Бұл тұрғыда ондағы қазақтар да, орыстарды да қоса есептеу керек). Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2000-2020 жылдары солтүстіктегі көрші елден 22 мың 707 адам қоныс тепсе, Өзбекстаннан 11 мың 460 қандас көшіп келді. Осы жылдары Моңғолиядан – 6992, Тәжікстаннан – 1026, Қытайдан – 133, Түркменстаннан – 16, Ираннан 5 қандас солтүстіктегі шекаралық өңірге қоныс аударды.

Ішкі миграцияның қарқыны да мәз емес. Соның салдарынан бұл облыста көші-қон айырымы 2019 жылы – 5943, 2020 жылы – 4387, 2021 жылы 7555 адамға кеміді. Егер кейінгі 23 жылды саралайтын болсақ, 179 мың адамға азайды. Солтүстіктегі өзге облыстардағы жағдай осыған ұқсас. Мәселен, 2021 жылы Павлодар облысына шет елдерден 224, елдің өзге өңір-

ІРІ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ІРГЕҢДІ ҚЫМТА!

Қазір көш мәселесі өте өзекті болып тұр. Неге десеңіз, ауылдың тірегі мектеп десек, солтүстіктегі білім ордалары оқушы санының жетіспеуіне байланысты көптеп жабылып, бір кездері дәулеті тағын елді мекендер қаңырап бос қалуда. Мәселен, 2016 жылы Павлодар облысында 12 мектеп, 2022 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 7 мектеп есігіне құлып салынды. Бұл мектептердің артында ауылдың тағдыры тұрғаны анық. Түптеп келгенде, бұл ел қауіпсіздігіне әсер етеді. Үкімет ішкі миграцияны тиімді үйлестіріп, сырттағы қандастарды оңтайлы қоныстандыру арқылы мәселені шешуді қолға алуда. Оның бір айғағы, «Еңбек» бағдарламасы аясында солтүстікке көш түзеп, халқы тығыз орналасқан оңтүстіктегі ағайынды орналастыруда. Бірақ, көш көлікті, көшушілер көңілді болмай тұр.



лерінен 2801 адам қоныс тепсе, есесіне, 3730 адам көшіп кетті. 2022 жылдың қаңтар-қараша айында Қостанай облысына 5985 адам көшіп келсе, 5115 адам көшіп кетті. Яғни бұл облыстар да көші-қон айырымы кемуде.

Керісінше, солтүстіктегі шекаралық аймақтарда туу көрсеткіші өте төмен. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында



Екіншіден, оңтүстіктен көшкен ағайын, сырттан келген қандас болса, әуелі жер сұрайды. Жер – тіршілік, байлық көзі. Ал басшылар жер мәселесіне келгенде амалсыздық танытып, көзімен жер шұқиды. Сондықтан қоныс аударған отандастарды жер телімімен, егістік алқаппен, жайылыммен қамтамасыз етуді Үкімет қолға алып, шешуі керек

2019 жылы – 6872, 2020 жылы – 6879, 2021 жылы 6489 бала туған. 2021 жылы Павлодарда – 11 мың 667, Қостанайда 11 мың 174 бала туды. Бұл оңтүстіктегі облыстарда бір айдағы туу көрсеткішімен тең. Мәселен, 2021 жылы Түркістан облысында 65 мың бала туды. Енді айырмашылығын бағамдап көріңіз.

ҚАНДАСТАР КӨШІН ҚАЛАЙ ТҮЗЕЙІМІЗ?

2004 жылы сол кездегі Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаев сырттан келген қандастармен кездесіп, көш мәселесін талқылады. Сонда: «Қазақ ұлтына сырттан келер

ұлкен көмек бар, ол – оралмандар» деген еді.

Алтекеңнің айтқаны осы күндері өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше Петропавл қаласында орын алған жағдай қандастар көшін солтүстікке бұрудың маңызын арттыра түседі.

Түрлі деректер бойынша қазіргі уақытта сыртта жүрген 4 миллионға жуық қандас бар. Тәуелсіздік жылдары атажұртқа келген қандастар саны 2 миллионға жетпеді. Бұған басты себеп – көштің дұрыс ұйымдас- тырылмауы.

Суыққа шыдамайды деген себеппен Өзбекстаннан келген қандастар Түркістан облысына, Қытайдан келген ағайындар Жетісу облысы мен Алматы қаласына, Түркменстан мен Ираннан келгендер Ақтау және Жаңаөзен қаласына қоныс аударды. Аталған облыстардың тұрғылықты халқы онсыз да көп, әрі тығыз орналасқаны мәлім. Қандастар көші жүйеленбеу салдарынан бұл өңірлердегі әлеуметтік мәселелер одан әрі ұшыға түсті. Әсіресе, жұмыссыздық, жайылым жерлердің жетіспеуі және тағы басқасы. **Осы 2 миллионға жуық қандасты солтүстік, солтүстік-шығыс өңірлерге қоныстандырып, оларға жайлы жағдай жасағанда, Петропавлдағы жағдай орын алмаушы еді.** Расында, сырттағы қандастар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін үлкен күшке ие. Мәселен, Павлодар облысының Успен ауданында Белоусовка деген елді мекен бар. Сондағы мектеп жабылғалы тұрғанда Қытайдан 50 түтін көшіп келіп, баласын мектепке беріп, ауылды құтқарып қалды. Қазір қандастар клуб үйі мен мектепке иелік етіп, бір ауылдың дамуына үлес қосып отыр.

Шет елдерден келген қазақтар «қандас» мәртебесін алғаннан кейін квота бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Бір жыл көлемінде отбасының әр мүшесіне тиісті жәрдемақы да төленеді. Сосын шет елден үй заттарын тұратын жеріне дейін мемлекет есебінен көшіруге, шет елдегі жеке автокөлігін утиль

және кеден алымсыз алып келе алады. Келгеннен кейін білім алып, мамандануына, ауыл шаруашылығын жүргізуге қажетті жер телімін алуға құқылы.

Сөз жүзінде бәрі жақсы. Осы жерде бір сұрақ туындайды. Ендеше қандастар көші неге еселеп арtpайды? Оның бір ғана себебі бар – оларды қоныстандыру өз денгейінде шешілмей отыр. Қандастар қызығушылық танытатын өңірлерде халық саны көп, әлеуметтік мәселелер дер кезінде шешілмеуде.

Енді қайтпек керек? Өзге елдердегі қандастардың көшін солтүстікке бұру керек. Бұған мемлекеттік деңгейде мән беру маңызды. Солтүстік өңірлерде жұмыс күші аз, қазақ тілді қауымның аз болуына байланысты ауылдық жерлердегі қазақ мектептері жабылууда.

Әлем елдерінің тәжірибесін қарайтын болсақ, XIX-XX ғасырда АҚШ елді индустрияландыруда миграцияға арқа сүйеп, жұмыс күші жетіспейтін штаттарға еуропалықтарды көптеп қоныстандырды.

Сырттағы қазақтарға өздері тұрған жерде маманданған кәсіпті дамытуға жағдай істеу керек. Мәселен, Қытайдың қазағы шағын кәсіпорын құруға қабілетті ме, оны ашуға мемлекеттік деңгейде көмек беру керек. Егер Ираннан келгендер кілем тоқуды дамыта ала ма, өзбекті көргенде бау-бақша өсіруге ынталы ма, монғол жерінен келгенде мал ұстауға епті ме, соған сай жағдай жасау маңызды. Сөйтіп, өзіміздің және Ресейдің ішкі нарығына өткізудің жолын ұйымдастырсақ қайтеді?! Әрине, бұл экономикалық тұрғыда үлкен жеңіспен тең.

Санкция құрсауындағы Ресей сыртқы әлеммен экономикалық байланысты үзді. Қазір ресейліктер біздің елдің солтүстігіндегі сауда орындарына жиі-жиі келіп, керектісін алады. Әрі бұл үдеріс бірнеше жылға созылатыны тағы анық. Олай болса, қандастардың потенциалын пайдаланып, Қостанай, Павлодар және Петропавлды сауда орталығына айналдырудың мүмкіндігі туып тұр. Ол үшін



2030 жылға қарай солтүстік өңірлерде халық саны 1 миллионға азайса, оңтүстікте 5 миллионға көбейеді деген болжам бар. Солай болса, шекаралық құнарлы жерлер егесіз қалмай ма? Оңтүстік өңірлерде онсыз да шешілмей жатқан әлеуметтік мәселелер күрделеніп кетпей ме?

біздің Үкімет жауапкершілік жүгін сезініп, сергектік танытуы керек-ақ.

ІШКІ МИГРАЦИЯНЫ ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Ішкі миграция мәселесін шешуде Қытайдың саясаты қызықтырады. Қазақстанмен шектесетін Іле-Шыңжаң аймағы мен Ресеймен шекараласатын өңірлерге квота арқылы ішкі өңірлерінен адамдарды қоныстандырып, өндіріс орындарын құрып, ауылшаруашылығы саласын дамытуда. Бұл тәжірибені бізге де ескеру керек секілді.

Енді елдің ішкі миграцияның маңызына тоқталсақ, оңтүстіктегі Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облысында 4 миллион 69 мың халық тұрады, ал Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысында 2 миллион 132 мың адам бар.

P.S: Қысқасы, шекаралық аймақтарда халық санын арттыруды мемлекеттік деңгейде жоспарлап, сыртқы және ішкі миграцияны күшейту – аса маңызды іс. Онсыз елдің тұтастайғы сақтап, Жаңа Қазақстанды құру мүмкін емес.

Бұған оңтүстіктегі Шымкент қаласындағы 1 миллион 112 мың адамды тағы қосыңыз. Енді мына қызыққа қараңыз, Алматы облысының Еңбекші-қазақ ауданында 303 мың адам бар. Елдегі аудандар арасында халық саны бойынша ең жоғары көрсеткіш. Халық тығыздығы – 1 шаршы шақырымға 36 адам. Салыстырып көрейік, Солтүстік Қазақстан облысында 98 мың шаршы шақырымға – 5,7, Павлодар облысында 124,8 мың шаршы шақырымға 6 адамнан келеді. Бір ғана Еңбекшіқазақтағы адам санынан Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысындағы шекаралық аудандардағы тұрғындар саны аз.

2030 жылға қарай солтүстік өңірлерде халық саны 1 миллионға азайса, оңтүстікте 5 миллионға көбейеді деген болжам бар. Солай болса, шекаралық облыстардағы құнарлы жерлер егесіз қалмай ма? Оңтүстік өңірлерде онсыз да шешілмей жатқан әлеуметтік мәселелер күрделеніп кетпей ме? Енді тағы бір мәселені қараңыз, су мамандары оңтүстік және батыс өңірге трансшекаралық өзендердің суы сарқылып, су тапшылығы сезілетінін айтуда. Ал солтүстік өңірлерде су мәселе өзекті емес екен. Бұл – өте күрделі мәселе, ойланатын дүние!

Осыны ескерсе керек-ті, 2014 жылдан бастап біздің Үкімет «Еңбек» бағдарламасы арқылы солтүстікке қоныстандыруды қолға алды. Алайда іс өнімді, еңбек нәтижелі дей алмаймыз.

Сөз жоқ, көшін солтүстікке түзейтін азаматтарға бірқатар жеңілдік қарастырылған. Көшудің жол шығынын өтейді, баспанамен қамтамасыз етеді, жұмысқа орналастырады. Алайда бұл жеткілікті ме? Жоқ. Оңтүстікте 120 мың теңге жалақы алып отырған адамдар солтүстікке 130 мың теңгелік жалақыға бола бара ма? Бармайды. Енді не істеу керек?

Біріншіден, «солтүстік жәрдемақысы» коэффициентін енгізгені дұрыс. Мұндай тәжірибе Ресейде бар. Қиыр Солтүстік және оған теңестірілген аймақтағы жұмысшыларға еңбек өтілі үшін «полырық жәрдемақы» қосылған. Яғни Қиыр Солтүстікте кемінде бір жыл тұрып жатқан 30 жасқа дейінгі жұмысшылар әр алты ай сайын жалақысына 20 пайыз үстемақы қосылады. Яғни 1,5 жылда үстемақысы 60 пайызға жетеді деген сөз. Міне, осындай коэффициент біздің елге де қосса, сонда ондағылар көшіп кетпейді, әрі қоныс аударушылар тұрақтап қалады.

Екіншіден, оңтүстіктен көшкен ағайын, сырттан келген қандас болса, әуелі жер сұрайды. Жер – тіршілік, байлық көзі. Ал басшылар жер мәселесіне келгенде амалсыздық танытып, көзімен жер шұқиды. Сондықтан қоныс аударған отандастарды жер телімімен, егістік алқаппен, жайылыммен қамтамасыз етуді Үкімет қолға алып, шешуі керек.

Үшіншіден, оңтүстікте қыс бір-екі ай ғана болса, солтүстікте алты айға дейін созылады. Демек, жылы аймақта қыста шығын аз болса, солтүстікте шығын екі-үш есе көп болады. Оның үстіне, суық аймаққа барғаннан кейін буын аурулары жиі мазалайды. Мұны да ескерген жөн. Сондықтан осы бағытта мемлекет тарапынан арнайы әлеуметтік пакеттер – отын мен көмірмен субсидиялау, дәрі-дәрмекке жеңілдіктер ұсыну маңызды.

Бастысы, солтүстікке көшетін адамдарды ағайын-туысымен немесе достарымен қоныс аударуына жағдай жасаған абзал. Өйткені екі жақтың менталитеті екі түрлі.

ТЕМІРБЕККЕ ТАҒЗЫМ

Қазақ Ұлттық өнер университетінің 25 жылдығы аясында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Темірбек Жүргенов – қазақ өнерінің жанашыры» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Темірбек Қараұлы Жүргеновтің қазақ өнері, әдебиеті, мәдениетіне және білім саласына қосқан зор үлесін дәріптеу.



Мемлекетке сіңірген еңбегі мен күреске толы өмір жолына шолу жасау арқылы өскелең жас ұрпақтың санасына мемлекетшілдік ұғымын және ұлттық мүддені қорғауды, ұлтқа қызмет етудің азабы мен абыройын сіңіру мақсатында өткен бұл шараға Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиынның тізгінін ұстаған Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, ақын-жазушы, кинодраматург Ұларбек Нұрғалымұлы Темірбек Жүргеновтің өмір деректеріне қысқаша тоқталғаннан кейін ғалымдар мен Т.Жүргенов өмірін зерттеуші жастар танымал тұлғаның әр қырынан сөз қозғады.

Дөңгелек үстелде «Өнертану» кафедрасының студенттері Т.Жүргеновтің ұлт өнеріне жасаған қызметі жайында баяндама жасаса, «Музыкалық театрдың әртісі» мамандығының 2-курс студенттері жазушы-драматург Р.Отарбаевтың «Нарком – Жүргенов» пьесасын сахналады.



ТЕАТРЛАР ТАРТУУЫ

Құрылғанына үш жылдай болып қалған Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының алғашқы гастрольдік сапары кеше еліміздің батыс өңірінен басталды. Осы сәуір айы бойы астаналық өнер ошағы Атырау, Құлсары, Орал, Ақтау, Жаңаөзен қалаларында қойылымдарын көрсетеді. Елордалық театрдың спектакльдерін алдымен атыраулық және құлсарылық көрермендер тамашалайды.

Атырау қаласында гастрольдер 7-12 сәуір күндері өтеді. М.Өтемісұлы атындағы облыстық академиялық драма театры сахнасында бір апта бойы театр репертуарындағы шоқтығы биік қойылымдар «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасы, «Ғашық жүрек» поэтикалық қойылымы, «Махаббат бар ма?» лирикалық комедиясы, «Шәмші» мюзиклі, «Шанель №5» деректі драмасы және талай көрерменнің қызығушылығын тудырып, әр көрсетілімі аншлаппен өтіп жатқан «Гау-



һартас» музыкалық драмасы ұсынылады. 8 сәуір күні Құлсарыда «Шәмші» мен «Гауһартас» көрсетіледі.

13-18 сәуір күндері гастроль Орал қаласында, 20-26 сәуірде Ақтауда жалғасады. 25 сәуір күні Жаңаөзенде «Шәмші» қойылады.

Ал алдағы мамыр айында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры гастрольмен Алматыға барады. Он қойылым апара жатқан қаллекіліктер оларды 2-8 мамырда М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасы арқылы ұсынады. Сол күндері, керісінше «әкемтеатр» Астанаға гастрольмен келіп, Қаллеки театрында үздік қойылымдарын қояды.

15-18 мамыр күндері Астанада Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының гастрольдері өтеді. Астаналықтар «Жастар» театры сахнасынан «Бейбарыс» әфсанасын, «Алладин» ертегісін және «Қорғансыздың күні» трагедиясын тамашалай алады.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

КӨКЕК АНАЛАР КӨБЕЙМЕСІН!

Астаналық «Жастар» театры жанындағы «Қанаттылар» инклюзивті театры «Өмір – ғайып» атты кезекті премьераны ұсынды. Пьеса авторы, аталмыш театр актері Серік Жүзбай шығармасы арқылы көкек аналар мен тастанды балалар проблемасына назар аударады. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе туралы толғайтын спектакльдің қоюшы режиссері – Нұрфат Вахитов. Инсценировка авторы – Марина Ешимова.



– Мен 2010 жылдан «Мирас-А» қайырымдылық қорының президентімін. Сол уақыттан бастап Астанадағы төрт перзентханамен жұмыс істеймін. Ондағы мақсатым – перзентін тастағаны

келген аналарды райынан қайтарып, сәбиді өздеріне қалдыруға септесу, қолдан келгенше көмек беру. Дәрігерлер маған алдын ала қоңырау шалады. Мен барып: «Қызым, сәбиңді неге тастағалы

жатырсың?» деген сұрақты қойғанда, көбінесе «Жігітім алдап кетті. Жағдайым жоқ. Баланы асырай алмаймын» деген жауаптарды естимін. Жалпы мұның әртүрлі себептері бар. Осындай жағдайда

ана мен баланы бір жылға дейін қамқорлыққа аламын. Балаға ат қойып, пәтер жалдап беремін. Қырқынан шығару, бесікке салу сынды рәсімдерді өткіземін. Мүмкіндік болып жатса, от басқан қыздың жігітімен сөйлесіп, көнетін болса, жастарды қосамын. Бұл сәби өзінің туған ана-анасымен өссе деген ниеттен туды. Өкінішке қарай, көкек аналар мен тастанды балалар азамай, әлі де көбейіп тұр. Осы күнге дейін жүзден астам ана мен баланы алып қалдым, – дейді пьеса авторы Серік Жүзбай.

Оның айтуынша, пьеса осындай жағдайды алдын алу үшін жазылды. Спектакльде жігітіне алданған қыз сәбиін вокзалдағы қарияларға тастап, өзі қашып кетеді. Кейіннен тұрмысқа шығады, жақсы үйге ие болады. Бірақ Құдай перзент бермейді. Арада жиырма жыл өткенде ана баяғыда тастап кеткен сәбиін іздейді. Қарттың тәрбиесінде өскен бала да анасын іздеп жүр екен. Ақыры, ана мен бала табысады.

Жалпы жастар тәрбиесіне жетелейтін қойылым желісі өнегеге толы. «Қанаттылар» инклюзивті театры осындай өзекті тақырыптарды көтеретін спектакльдерді алда да сахналамақ.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

8 СӘУІР 17:00

Ә.А. Айтбайұлы
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері
дирижер - композитор

«Елге арнау»
атты шығармашылық концерті

«ЕЛГЕ АРНАУ» КОНЦЕРТІ

8 сәуір 17:00

Астаналық филармония

8 СӘУІР 18:00

Ромео - Джульетта

«РОМЕО - ДЖУЛЬЕТТА» ТРАГЕДИЯСЫ

8 сәуір 18:00

Ә.Мәмбетов театры

8 СӘУІР 18:00

«ҮЙЛЕНУ» КОМЕДИЯСЫ

8 сәуір 18:00

Қ.Қуанышбаев театры

8/9 СӘУІР 18:00

«ШЫРАҚ» ЛИРИКАЛЫҚ ДРАМАСЫ

8/9 сәуір 18:00

«Жастар» театры

8/9 СӘУІР 12:00, 14:00

«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІ

8/9 сәуір 12:00, 14:00

Қуыршақ театры

8/9 СӘУІР 18:00

«ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН»

8/9 сәуір 18:00

Астана Опера



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫП**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №41

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «КОМЕК INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ